

Павлодар облысы білім беру басқармасы,
Павлодар қаласының білім беру бөлімінің
«Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебі» КММ

Аушахманова Акбота Жанабаевна

Информатика мұғалімі

**«РОБОТОТЕХНИКАДА ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТІ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ МЕН
ТӘЖІРИБЕЛЕРІ» ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ**

Павлодар

2025

Результаты проверки текста на оригинальность

Оригинальность

78%

78%

Цитирование

2%

Замещение

20%

20%

Самодублирование

0%

Проверка на ИИ: Оценка вероятности написания текста человеком / сгенерированного нейросетью

Человек: 94%

ИИ: 6%

Список источников:

Список источников:	Модуль
https://zhlt-vmeste.ru/gosprogramma-dostupnaya-sreda/normativnye-pravovye-akty/minobmavki-rossii/152778/	Интернет Free
http://politehao.ru/index.php?option=com_content&view=article&id=405&Itemid=255	Интернет Free
https://spo-rudn.ru/home/fmts	Интернет Free
https://docs.cntd.ru/document/901756021	Интернет Free
http://wsr.spb.ru/simplepage/view/2	Интернет Free
http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_402170/2909b58aca5443fa379b83ce87ed8364e555145c/	Интернет Free
http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_8559/	Интернет Free
https://nauchkor.ru/uploads/documents/5f474aaacd3d3e0001750b85.pdf	Интернет Free
https://www.investinregions.ru/regions/20/statistics/	Интернет Free
http://www.gczn.nsk.su/employers/programmy-sodeystviya/ispytyvayushchim-trudnosti-v-poiske-raboty/	Интернет Free

Текст:

Павлодар облысы білім беру басқармасы, Павлодар қаласының білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебі» КММ Аушахманова Аюбота Жанәбаевна Информатика мұғалімі «РОБОТОТЕХНИКАДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚОЛДАНУ ӨДІСТЕМЕЛЕРІ МЕН ТӘЖІРИБЕЛЕРІ» ӨДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ Павлодар 2025 Түсіндірме жазба «Робототехникада жасанды интеллект қолдану өдістемелері мен тәжірибелері» өдістемелік құралы 6-сынып оқушыларына арналған және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сәйкес әзірленген. Ол STEM-білім беруді Ғылым, Технология, Инженерия, Математика және заманауи цифрлық дағдыларды дамытуға бағытталған. Құралдағы тапсырмалар мен жобалар құрастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктері, танымдық қабілеттері және технологияны меңгеру деңгейлері ескерілген. Өдістемелік құралдың өзектілігі: Қазіргі білім беруде робототехника мен жасанды интеллект ең перспективалы бағыттардың бірі болып табылады. Бұл құралдың өзектілігі оқушылардың

«Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебі» КММ
Аушахманова Акбота Жанабаевна

«Робототехникада жасанды интеллект қолдану әдістемелері мен
тәжірибелері» тақырыбындағы әдістемелік құралына

Рецензия

1. Жұмыстың өзектілігі: Ұсынылып отырған «Робототехникада жасанды интеллект қолдану әдістемелері мен тәжірибелері» атты оқу-әдістемелік құрал қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерін қамтиды. Жұмыста STEM-білім беру бағытына сай оқушылардың инженерлік, алгоритмдік және цифрлық құзыреттіліктерін дамыту мәселесі орынды қарастырылған.

2. Инновациялық және педагогикалық құндылығы: Жұмыстың басты ерекшелігі – робототехника мен жасанды интеллектті кіріктіре оқыту тәсілдерінің қолданылуы. LEGO SPIKE Prime, Google Gemini, Storybook сияқты цифрлық платформаларды пайдалану оқу процесін жаңашыл деңгейге көтеріп, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады.

3. Ғылыми және әдіснамалық негіздемесі: Әдістемелік құрал Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, STEM-білім беру тұжырымдамасына және заманауи педагогикалық теориялар мен тәжірибелерге сүйене отырып әзірленген. Мазмұны ғылыми тұрғыдан жүйелі және практикалық құндылығы жоғары.

4. Практикалық маңыздылығы: Ұсынылған материалдарды жалпы білім беретін мектептерде, робототехника бағытындағы үйірмелерде және қосымша білім беру ұйымдарында кеңінен қолдануға болады. Осы құрал педагогтердің тәжірибесіне тиімді енгізіліп, білім алушылардың оқу нәтижелерін арттыруға ықпал етеді.

5. Жұмыстың рәсімделуі: Жұмыс мазмұны құрылымдық, қисынды және қазіргі талаптарға сай рәсімделген. Материалдар жүйелі беріліп, бөлімдер арасындағы байланыс сақталған.

6. Қорытындылар мен ұсыныстар: Жалпы, әдістемелік құрал өз мақсатына жетуге бағытталған сапалы еңбек болып табылады. Жұмысты білім беру ұйымдарының тәжірибесіне енгізуге, таратуға және пайдалануға ұсынуға болады.

Рецензент:

«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ,
педагогика ғылымдарының магистрі,
оқытушы-сарапшы

С.Б.Бейсенова



«Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебі» КММ
Аушахманова Акбота Жанабаевна
«Робототехникада жасанды интеллект қолдану әдістемелері мен
тәжірибелері» тақырыбындағы әдістемелік құралға

Рецензия

1. **Жұмыстың өзектілігі:** Ұсынылып отырған әдістемелік құрал қазіргі білім беру кеңістігінде ерекше маңызға ие мәселелерді қамтиды. Автор робототехника мен жасанды интеллектті оқыту үдерісіне енгізудің жолдарын қарастырып, STEM-бағыттағы білім алушылардың техникалық, логикалық және цифрлық сауаттылығын дамытуға назар аударған.

2. **Инновациялық және педагогикалық құндылығы:** Материалдың құндылығы – дәстүрлі робототехникалық оқытуды жасанды интеллект мүмкіндіктерімен ұштастыруында. LEGO SPIKE Prime, Google Gemini, Storybook сияқты платформаларды сабақта қолдану оқу тәжірибесін жандандырып, оқушылардың шығармашылық ойлауын, қызығушылығын күшейтеді.

3. **Ғылыми және әдіснамалық негіздемесі:** Құрал мемлекеттік білім беру стандартына, STEM-білім берудің негізгі қағидаларына және заманауи педагогикалық тұжырымдамаларға сүйене отырып дайындалған. Материал құрылымы ғылыми тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылып, қолданбалы бағыттылығы айқын көрінеді.

4. **Практикалық маңыздылығы:** Ұсынылған тәсілдер жалпы білім беретін мектептерде, робототехника кабинеттерінде және қосымша білім беру орталықтарында тиімді пайдалануға лайық. Құрал педагогтердің әдістемелік қорын кеңейтіп, оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруға көмектеседі.

5. **Жұмыстың рәсімделуі:** Жұмыс мазмұны анық құрылымдалған, бөлімдер бір-бірімен үйлесімді байланыстырылған. Материалдар қазіргі әдістемелік талаптарға сай жинақы және түсінікті түрде берілген.

6. **Қорытындылар мен ұсыныстар:** Жалпы, әдістемелік құрал — мазмұны бай, практикалық тұрғыдан құнды, білім беру ұйымдарына енгізуге толықтай жарамды еңбек. Оны педагогтер қауымына қолдануға, таратуға және оқу-әдістемелік үдерісте пайдалануға ұсынамын.

Рецензент:

Қолы:  А.А.Шайхимов

Жас Дарын мамандандырылған
мектеп-лицейінің
басшысы

 Г.С.Жанғазы

Күні: «__» _____ 2025 ж.

Түсіндірме жазба

Әдістемелік құралдың өзектілігі: Қазіргі білім беруде робототехника мен жасанды интеллект ең перспективалы бағыттардың бірі болып табылады. Бұл құралдың өзектілігі оқушылардың алгоритмдік ойлау, инженерлік жобалау, шығармашылық және командалық жұмыс дағдыларын дамытуға көмектеседі, сондай-ақ олардың технологияларға деген қызығушылығын арттырады. Әдеттегі бағдарламалар робототехника мен ЖА сияқты күрделі тақырыптарды жас оқушыларға қолжетімді ете алмауы мүмкін, сондықтан арнайы әзірленген бұл тапсырмалар мен жобалар олардың танымдық қабілеттеріне бейімделіп, өзіндік жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Атаулы құралдың бағыты практикалық жобалар арқылы теориялық білімді бекіту, AI-құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру және нәтижелерді цифрлық ортада көрсете білуге негізделген.

Әдістемелік құралдың мақсаты: робототехника мен жасанды интеллекттің негізгі түсініктерін тәжірибе арқылы үйрету, оқушылардың ізденімпаздығын, сыни және шығармашылық ойлауын дамыту. Жобаларды шығармашылық тұрғыда ұйымдастыру арқылы құралдың педагогикалық мақсаттылығы балаларды технологиялар мен бағдарламалауға ынталандыру, олардың инженерлік және цифрлық сауаттылығын жетілдіру.

Міндеттері:

- Оқушыларға робототехника мен жасанды интеллекттің негізгі ұғымдарымен таныстыру.

- LEGO SPIKE Prime платформасын пайдаланып, қарапайым роботтарды жобалау және бағдарламалау дағдыларын қалыптастыру.

- AI-құралдарын (Gemini) жобаны құжаттау және визуалдау үшін пайдалану дағдыларын дамыту.

- Жобаны цифрлық кітапша (Storybook) түрінде ұсына білу дағдыларын қалыптастыру.

- Командалық жұмыс және жобаны қорғау дағдыларын жетілдіру.

Зерттеу нысаны мен заты: Жалпы білім беретін мектептердің оқу үдерісінде робототехника мен жасанды интеллектті кіріктіре оқыту жүйесі. 6-сынып оқушыларына арналған робототехника және жасанды интеллект негіздерін меңгертетін тапсырмалар, практикалық жобалар, оқыту әдістері мен технологиялары.

Жаңашылдығы мен инновациялық сипаты — оқушыларды робототехникамен қатар жасанды интеллект құралдарымен (Google Gemini, Storybook платформасы) кіріктіріп оқытуында. Дәстүрлі оқытуда тек конструкторлық әрекеттер басым болса, бұл жұмыста цифрлық шығармашылық, AI көмегімен мәтін жасау және жобаны визуализациялау кеңінен қолданылады.

Теориялық негізі: Бұл жинақ 6-сынып оқушыларына арналған 34 сағаттық бағдарламаны қамтиды және 4 модульден тұрады:

1. Кіріспе және робототехника негіздері: Робот ұғымы, LEGO SPIKE Prime құрылымы, бағдарламалау ортасы.

2. Сенсорлар мен қозғалыстар . Сенсор түрлері, қозғалысты басқару, алгоритм құру .

3. Жасанды интеллект негіздері. ЖИ түсінігі, Storybook пен Gemini-мен танысу.

4. Қорытынды жоба. Барлық алынған білімдерді біріктіретін жеке немесе топтық жобаны әзірлеу және қорғау.

Тәжірибе мазмұнының қысқаша сипаттамасы: Тәжірибе жұмысы 6-сынып оқушыларына арналған робототехника және жасанды интеллект бағытындағы сабақтар барысында жүзеге асырылды. Оқыту үдерісі оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, практикалық бағытта ұйымдастырылды. Бұл тапсырмалар оқушылардың алынған білімдерін нақты өмірлік жағдайларда қолдануына жағдай жасайды, инженерлік ойлау мен есептерді шешу дағдыларын жақсартады.

Күтілетін нәтижелер және практикалық маңыздылығы: Күтілетін нәтижелерге робототехника мен ЖА саласындағы негізгі терминологияны меңгеру, алгоритмдік ойлау дағдыларының қалыптасуы, қарапайым роботтарды жобалау және бағдарламалау дағдыларының дамуы, сондай-ақ цифрлық құралдарды (AI, Storybook) тиімді пайдалану дағдыларының қалыптасуы жатады. Нақты роботты іске қосу тапсырмаларын орындау (мысалы, "роботты сызық бойымен 1 метр жүргіз"), код фрагменттерін дұрыс құрастыру, өз жобасын цифрлық кітапша түрінде (Storybook) дәптерге дұрыс рәсімдеп салу арқылы білім мен дағдылардың дамуы тексеріледі. Нәтижесінде оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, өзіне деген сенімділігі күшейеді, ал мектеп тәжірибесінде заман талабына сай STEM бағытындағы білім беру сапасы жақсарады.

Қорытынды: Жүргізілген жұмыс нәтижесінде оқушылардың робототехника мен жасанды интеллектке қызығушылығы арттады, шығармашылық және танымдық белсенділігі жоғарылайды. Атаулы құрал оқушылардың технологиялық сауаттылығын дамытып қана қоймай, олардың сыни және шығармашылық ойлауын, сондай-ақ болашақ кәсіби бағдарларын қалыптастыруға ықпал етеді.

, сондай-ақ болашақ кәсіби бағдарларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқу –тақырыптық жоспар

№	Тақырып	Сағат саны	Сабақ түрі	
			теориялық	практикалық
1-модуль. Кіріспе және робототехника негіздері (8 сағат)				
1	Робот дегеніміз не?	1		+
2	LEGO SPIKE Prime конструкторымен танысу	1		+
3	Роботты құрастыру негіздері	1		+
4	SPIKE Prime бағдарламалау ортасы	1		+
5	«Бульдозер» жобасы	1		+
6	Қозғалысты басқару (Моторлар)	1		+
7	Жоба: "Жеңіл машина"	1		+
8	Модуль бойынша қорытындылау	1		+
2-модуль. Сенсорлар мен қозғалыстар (8 сағат)				
9	Сенсорлар: Түс датчигі	1		+
10	Сенсорлар: Қашықтық датчигі	1		+
11	Күш датчигі	1		+
12	Тармақталу алгоритмдері (If/Else)	1		+
13	Циклдік алгоритмдер (Loop)	1		+
14	Жоба: "Сызық бойымен жүру"	1		+
15	Жобаны дамыту: Адаптивті қозғалыс	1		+
16	Модуль бойынша қорытындылау	1		+
3-модуль. Жасанды интеллект негіздері (10 сағат)				
17	Жасанды интеллектке кіріспе	1		+
18	Gemini-мен танысу	1		+
19	Gemini көмегімен робот жобасын құжаттау	1		+
20	Storybook платформасымен танысу	1		+
21	Жоба: "ЖА-детектив"	1		+
22	Цифрлық кітапша жасау (1-бөлім)	1		+
23	Цифрлық кітапша жасау (2-бөлім)	1		+
24	Болашақ роботтары (Эссе)	1		+
25	Болашақ роботты құрастыру	1		+
26	Модуль бойынша қорытындылау	1		+
4-модуль. Инженерлік стартап: “Ақылды робот” жобасы (8 сағат)				

27	“Ақылды робот не істей алады?”	1		+
28	Инженерлік жоспарлау	1		+
29	Роботты құрастыру: Каркасын жинау	1		+
30	“Ақылды қозғалыс” бағдарламалау	1		+
31	Сенсорды біріктіру	1		+
32	Роботты тестілеу	1		+
33	Стартап презентация	1		+
34	Жобаны қоғау	1		+
Барлығы		34 сағат		

1-модуль: Робототехника негіздері

Тапсырма 1.1: «Робот дегеніміз не?»

Мақсаты: Роботтың негізгі қасиеттерін (бағдарламаланады, әрекет жасайды, ақпарат жинайды) түсіну және нақты өмірден мысалдар келтіре білу.

Тапсырма: Әр суретке мұқият қараңыз. «Бұл робот па?» бағанында дұрыс деп есептейтін жауабыңызды (Иә/Жоқ) дөңгелектеңіз немесе белгілеңіз. «Негіздеме» бағанына таңдауыңыздың себебін жазыңыз (мысалы, «Себебі, ол бағдарлама бойынша өздігінен қозғалып, шешім қабылдай алады» немесе «Себебі, ол тек адам басқарғанда ғана жұмыс істейді»).

№	Сурет	Бұл робот па?	Негіздеме (Неліктен?)
1	Вакуум-тазалағыш робот суреті 	Иә / Жоқ	
2	Шаңсорғыш суреті 	Иә / Жоқ	
3	Адам сияқты көрінетін гуманоид робот суреті 	Иә / Жоқ	
4	Тоңазытқыш немесе кір жуғыш машина суреті	Иә / Жоқ	

			
5	Дрон суреті 	Иә / Жоқ	
6	Ойыншық машина суреті 	Иә / Жоқ	

Дискриптор:

- Роботтың анықтамасын дұрыс түсіндіреді. (5 ұпай)
- Робот пен қарапайым машинаның айырмашылығын ажыратады. (5 ұпай)
- Күнделікті өмірден роботтардың 3 мысалын келтіреді. (5 ұпай)

Тапсырма: Wordwall платформасындағы «Робототехника»

тапсырмасын ашыңыз. Дұрыс жауапты көрсет.



Дискриптор:

- Ойынды аяқтағаннан кейін алған нәтижесін (уақытын немесе ұпайын) дұрыс жазып көрсетеді

Тапсырма 1.2: «LEGO SPIKE Prime конструкторымен танысу»

Тапсырма: Wordwall платформасындағы "LEGO SPIKE Prime Parts Match" тапсырмасын ашыңыз. **Сәйкестендіріңіз:** Экранда көрсетілген



LEGO SPIKE Prime бөлшектерінің атауларын олардың суреттерімен немесе сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз.

<https://wordwall.net/resource/99699364>

Дискриптор:

- Wordwall тапсырмасындағы LEGO SPIKE Prime конструкторының негізгі бөлшектерін (мысалы, Хаб, моторлар, сенсорлар) **90%** немесе одан да жоғары дәлдікпен сәйкестендіреді.

Тапсырма 1.3: «Роботты құрастыру негіздері»

Мақсаты: LEGO SPIKE Prime бөлшектерін тану және нұсқаулық бойынша тұрақты қарапайым модельді құрастыра білу.

Тапсырма: "Желдеткіш" моделін нұсқаулық бойынша жинау.



Дискриптор:

- Бөлшектерді дұрыс таниды және атап көрсетеді.
- Нұсқаулықты дәйекті түрде орындайды.
- Дайын модель тұрақты және дұрыс құрастырылған.

Тапсырма 1.4: Роботты Қозғалтудың Алғашқы Бағдарламасы (Практикалық)

Мақсаты: Роботты құрып, алға жылжыту үшін қарапайым сызықтық бағдарлама құру.

Құралдар: LEGO SPIKE Prime конструкторы (Хаб және 2 мотор), Компьютер/Планшет, SPIKE App бағдарламалау ортасы.

Орындау реті:

1. QR бойынша кіріп, машинаны құр.
2. SPIKE Prime бағдарламалау ортасын ашыңыз.
3. Жаңа жоба құрыңыз.
4. Хабқа қосылған **екі моторды** (мысалы, А және В порттарына) бір уақытта іске қосатын бағдарлама құрыңыз.
5. Бағдарламаның құрылымы келесідей болуы керек:
 - **Бастау блогы**
 - **Жылдамдықты орнату** (Мысалы: 75%)
 - **Қозғалту блогы** (Мысалы: 360° немесе 3 секундқа)
6. Құрылған бағдарламаны Хабқа жүктеп, роботтың қалай қозғалғанын тексеріңіз.



Дискриптор:

- SPIKE Prime бағдарламалау ортасын (қосымшаны) ашып, жаңа жобаны дұрыс құра алады;
- Құрылған бағдарламаны Хабқа жүктеп, роботты **алға қарай** сәтті қозғалтады.

Тапсырма 1.5: «Бульдозер» жобасы: Қарапайым алгоритмдерді құрастыру

Мақсаты: Оқушылардың SPIKE Prime бөлшектерін қолданып, нақты мақсатқа бағытталған роботты (бульдозер) құрастыру және оның қызметін атқаруға арналған қарапайым алгоритмді (бағдарламаны) құру.

Құралдар: LEGO SPIKE Prime конструкторы, Компьютер/Планшет, SPIKE App.



Орындау реті:

1. **Құрастыру:** LEGO SPIKE Prime жинағындағы нұсқаулықтарды (немесе мұғалімнің нұсқауын) пайдалана отырып, **бульдозер** моделін құрастырыңыз. Роботтың міндеті – алдындағы затты (мысалы, кішкене текшені) итеріп әкету.
2. **Әрекетті сипаттау:** Бульдозердің негізгі әрекеттерін (жылжу, итеру, тоқтау) сипаттап жазыңыз.

- *Мысалы: 1. Алға қарай жүру. 2. Затты итеру. 3. Тоқтау. 4. Артқа қайту.*
- 3. **Алгоритм құру:** Жоғарыда сипатталған әрекеттерді орындайтын қарапайым алгоритмді құрастырыңыз. Бағдарламаның құрылымы:
 - **Бастау блогы**
 - **Алға жылжу блогы** (белгілі бір қашықтыққа немесе уақытқа)
 - **Тоқтау блогы** (қажет болса)
- 4. **Бағдарламаны тексеру:** Құрылған бағдарламаны Хабқа жүктеп, бульдозердің белгіленген затты сәтті итеріп әкеткенін тексеріңіз.

Роботтың әрекетін сипаттау (3-4 қадам):

- 1.
- 2.
- 3.

Құрылған бағдарламаның схемасы: (Төменде оқушы бағдарламаның схемасын салады)

Дискриптор:

- Бульдозер моделін нұсқаулыққа сәйкес дұрыс және ұқыпты құрастырады;
- Роботтың міндетін орындау үшін қажетті кем дегенде 3 негізгі әрекетті (қадамды) дұрыс сипаттайды;
- Сипатталған әрекеттерді орындау үшін қажетті реттілікті сақтай отырып, қарапайым сызықтық бағдарламаны құрастырады;
- Құрылған бағдарламаны Хабқа жүктегеннен кейін, роботтың (бульдозердің) нақты затты итеріп әкету міндетін сәтті орындайды (яғни, бағдарлама жұмыс істейді).

Тапсырма 1.6: Қозғалысты басқару (Моторлар)

Тақырыбы: Роботты белгілі бір қашықтыққа немесе бұрышқа жүргізуге арналған бағдарлама.

Мақсаты: Моторлардың айналу бұрышын (градус немесе айналым) қолданып, роботтың жүрісін дәл басқару.

Құралдар: Құрастырылған негізгі робот моделі (екі мотормен), SPIKE App.



Орындау реті:

1. **Дайындық:** Роботты бастапқы сызыққа қойыңыз. Роботтың алға жүру үшін қолданылатын екі моторы (мысалы, А және В порттары) жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.

2. **Қашықтыққа жүру:** Роботты бастапқы нүктеден **40 см** алға қарай жүргізуге арналған бағдарлама құрыңыз. (Ескерту: Дөңгелектеріңіздің диаметріне байланысты қажетті айналым санын өздеріңіз есептеңіз).

Қолданылатын блок: Move Motors for... (айналым немесе градус бойынша).

3. **Бұрылыс жасау:** Роботты алға жүргізгеннен кейін, сол жерден **оңға қарай 90 градус** бұрылыс жасатуға арналған бағдарламаны жалғастырыңыз.

Қолданылатын блок: Turn Robot... немесе Move Motor... (кері бағытқа).

4. **Бағдарламаны тексеру:** Құрылған бағдарламаны Хабқа жүктеп, роботтың берілген тапсырмаларды (40 см алға жүру және 90° оңға бозрылу) дәл орындағанын тексеріңіз.

Бағдарламаның құрылымы/схемасы (Түсініктемемен):

1. Алға жүру үшін _____
2. Оңға бұрылу үшін _____

Дискриптор:

- Роботты 40 см алға жылжыту үшін қажетті мотор айналымын (градусын) шамамен дұрыс есептейді және бағдарламаға енгізеді.
- Роботты 90° оңға бұру үшін қажетті мотор басқаруын (бір моторды іске қосу немесе қарама-қарсы бағытта жылжыту) дұрыс қолданады.
- Құрылған бағдарламаны Хабқа жүктеп, роботтың белгіленген қашықтыққа және бұрышқа дәл (шамамен ± 5 см немесе $\pm 10^\circ$ қателікпен) қозғалғанын көрсетеді.

Тапсырма 1.7: «Жеңіл машина» жобасы

Мақсаты: Алған білімдерін біріктіре отырып, қозғала алатын модельді жобалау, құрастыру және бағдарламалау.

Тапсырма: Өз "жеңіл машинаңызды" жасаңыз. Ол түзу сызық бойымен кемінде 1 метр жүруі керек.

Дискриптор:

- Модель тұрақты және функционалды.

- Бағдарлама дұрыс жұмыс істейді (алға жүреді).
- Жоба сызбасын дәптерге таза әрі түсінікті түрде салады.
-

Тапсырма 1.8: Модуль бойынша қорытындылау

Мақсаты: Оқушылардың LEGO SPIKE Prime конструкторының негізгі бөлшектері (Хаб, Моторлар, Сенсорлар) туралы білімін, бағдарламалау ортасының интерфейсін және қарапайым алгоритмдерді құруға қатысты теориялық ұғымдарды толық меңгергендігін тексеру.

Тапсырма: Әр сұрақты мұқият оқып, тек бір дұрыс жауапты таңдаңыз.

1. SPIKE Prime конструкторының "миы" қызметін атқаратын негізгі орталық блок қалай аталады?

- А) Мотор (Motor)
- Б) Сенсор (Sensor)
- В) Хаб (Hub)
- Г) Порт (Port)

2. LEGO SPIKE Prime Хабында (Hub) барлығы неше әмбебап порт (A, B, C, D, E, F) бар?

- А) 4
- Б) 5
- В) 6
- Г) 8

3. Роботтың қоршаған ортадағы түсті немесе жарықтықты анықтауға арналған бөлшегі?

- А) Ультрадыбыстық сенсор
- Б) Түс сенсоры
- В) Күш сенсоры
- Г) Хаб

4. Роботты белгілі бір қашықтыққа немесе бұрышқа жылжыту үшін қандай бөлшек қолданылады?

- А) Батарея
- Б) Кабель
- В) Мотор (Қозғалтқыш)
- Г) Түс сенсоры

5. SPIKE Prime бағдарламалау ортасы негізінен қандай тілге негізделген?

- А) Java
- Б) Python
- В) Блоктық бағдарламалау (Scratch негізінде)
- Г) C++

6. Бағдарламаның орындалуын бастау үшін әрқашан бірінші тұратын блок?

- А) «Қайталау» (Loop)
- Б) «Бағдарламаны бастау» (Start Program)
- В) «Күту» (Wait)
- Г) «Егер/онда» (If/Then)

7. Роботты 360° бұрышқа жүргізу нені білдіреді?

- А) Бір секундқа жүргізу
- Б) Бір толық айналым жасау
- В) 90° бөлігіне жүргізу
- Г) Үш толық айналым жасау

8. Егер робот А және В порттарындағы екі моторын да бірдей жылдамдықпен алға қарай іске қосса, робот қалай қозғалады?

- А) Солға бұрылады
- Б) Оңға бұрылады
- В) Тіке алға жүреді
- Г) Артқа жүреді

9. Роботтың әрекеттерін, яғни белгілі бір міндетті орындауға арналған қадамдар тізбегі қалай аталады?

- А) Интерфейс
- Б) Құрастыру
- В) Дискриптор
- Г) Алгоритм

10. Бағдарламалаудағы «Қайталау» (Loop) блогы не үшін қолданылады?

- А) Бағдарламаны тоқтату үшін
- Б) Қарама-қарсы әрекет жасау үшін
- В) Белгілі бір әрекетті бірнеше рет орындау үшін
- Г) Тек сенсорларды іске қосу үшін

11. SPIKE Prime бағдарламасында мотордың жылдамдығын қандай өлшем бірлігімен орнатуға болады?

- А) Метр
- Б) Секунд
- В) Пайыз (%)
- Г) Килограмм

12. Егер SPIKE Prime роботын 5 секундқа тоқтату қажет болса, қандай бағдарламалау блогы қолданылады?

- А) «Моторды қозғалту»
- Б) «Күту» (Wait)
- В) «Қайталау»
- Г) «Түсті орнату»

13. SPIKE Prime конструкторындағы «Күш сенсоры» (Force Sensor) нені өлшейді?

- А) Қашықтықты
- Б) Түс интенсивтігін
- В) Қысымды немесе тиісу күшін
- Г) Дыбыс деңгейін

14. Бағдарламалау ортасының интерфейсі дегеніміз не?

- А) Роботтың корпусы
- Б) Бағдарламалауға арналған экрандағы жұмыс кеңістігі (блоктар, батырмалар)
- В) Роботтың қозғалыс жылдамдығы
- Г) Конструктордағы кірпіштердің саны

15. Робототехникадағы «автономды» деген ұғым нені білдіреді?

- А) Роботтың тек адам басқарғанда ғана жұмыс істеуі
- Б) Роботтың тек сым арқылы қосылуы
- В) Роботтың адамның тікелей көмегінсіз өздігінен жұмыс істеуі және шешім қабылдауы
- Г) Роботтың бағдарламасын тек бір рет жазуға болатыны

Жауабы	
1	В
2	В
3	Б
4	В
5	В
6	Б
7	Б
8	В
9	Г
10	В
11	В
12	Б
13	В
14	Б
15	В

Дискриптор:

- тест сұрақтарына жауап береді;

2-модуль: Сенсорлар мен қозғалыстар

Тапсырма 2.9: Сенсорлар: Түс датчигі.

Тақырыбы: Түс сенсорын қолданып, белгілі бір түске жеткенде тоқтау бағдарламасы.

Мақсаты: Оқушылардың Түс датчигінің жұмыс істеу принципін түсінуі, оны бағдарламалау ортасында дұрыс қолдануы және роботқа шартты әрекеттерді орындатуы.



Құралдар: Құрастырылған негізгі робот моделі (кем дегенде бір Түс сенсорымен), SPIKE App, әртүрлі түсті беттер (**қызыл** және **ақ** түсті қағаз).

Орындау реті:

1. **Дайындық:** QR бойынша базалық роботты жаса. Түс сенсорын Хабқа қосыңыз (C портына). Датчик жерге өте жақын, бірақ тимейтіндей етіп орнатылғанына көз жеткізіңіз.
2. **Шартты Алгоритм құру:** Роботты **алға қарай** жылжытатын, бірақ егер **қызыл** түсті бетті көрсе, **тоқтайтын** бағдарлама құрыңыз.
3. **Қажетті блоктар:**
 - Бастау блогы
 - «Қайталау» (Loop) блогы
 - «Егер/онда» (If/Then) блогын «Түс датчигінің түсі ...-ге тең» шартымен қолданыңыз.
 - Ішінде: Move Motors... және Stop Moving блоктары.
4. **Тексеру:** Роботты ақ түсті бетке қойыңыз. Бағдарламаны іске қосыңыз. Робот қызыл түсті сызыққа (немесе қағазға) жеткенде, оның тоқтағанын тексеріңіз.

Бағдарламаның блок-схемасының немесе құрылымының сипаттамасы:

1. _____ Бағдарлама басталады)
2. _____ (Мәңгілік қайталау басталады)
3. _____ (Шарт: Егер түс сенсо
ры Қызыл түсті көрсе)

4. _____ (Әрекет: Моторларды тоқтату)

5. _____ (Әйтпесе: Моторларды алға жылжыту)

Дискриптор:

- Түс датчигін дұрыс қосады.
- Бағдарламада if/else операторын дұрыс қолданады.
- Робот әр түске дұрыс жауап береді.

Тапсырма 2.10: Сенсорлар: Қашықтық сенсоры

Тақырыбы: Қашықтық датчигін қолданып, кедергіні айналып өту бағдарламасы.

Мақсаты: Оқушылардың қашықтық датчигінің жұмыс істеу принципін және мәліметтерін түсінуі, оны қолданып роботқа кедергілерді автоматты түрде айналып өту алгоритмін құруы.

Құралдар: Құрастырылған негізгі робот моделі (кем дегенде бір қашықтық сенсорымен), SPIKE App, кедергі (мысалы, қорап немесе кітап).

Орындау реті:

1. **Дайындық:** Қашықтық сенсорын Хабқа қосыңыз (мысалы, D портына). Сенсор алға қарай бағытталғанына көз жеткізіңіз.
2. **Алгоритмді жоспарлау:** Робот кедергіге жақындағанда (мысалы, 15 см-ге дейін) не істеу керектігін жоспарлаңыз. Ең қарапайым алгоритм:
 - 1. Алға жүру.
 - 2. Егер кедергі жақын болса (< 15 см):
 - 3. Тоқтау.
 - 4. Артқа аздап жүру.
 - 5. Солға немесе Оңға бұрылу (90°).
 - 6. Қайта алға жүру.
3. **Бағдарлама құру:** Жоспарланған алгоритмді іске асыру үшін «Егер/онда/әйтпесе» (If/Then/Else) және «Қашықтық сенсоры» блоктарын қолданып бағдарлама құрыңыз.
4. **Тексеру:** Роботты кедергіден шамамен 50 см қашықтықта орналастырыңыз. Бағдарламаны іске қосыңыз. Робот кедергіге

жақындағанда (15 см шегінен өткенде) бұрылып, оны айналып өткенін тексеріңіз.

Құрылған негізгі алгоритмнің сипаттамасы:

Шарт: Егер қашықтық $50 \leq \text{см}$ болса, онда:

1. _____
2. _____

Әйтпесе: _____

Дискриптор:

- Роботты басқару үшін «Егер/онда» (If/Then) немесе «Егер/онда/әйтпесе» (If/Then/Else) күрделі шартын дұрыс қолданады.
- Кедергіні айналып өту үшін **екіден кем емес** қосымша әрекеттерді (тоқтау, артқа жүру, бұрылу) дұрыс бағдарламалайды.
- Құрылған бағдарлама іске қосылғанда, робот кедергіге жақындайды және оны соқпай **сәтті айналып өтеді**.
- Кедергіні айналып өтуге арналған қарапайым, бірақ логикалық дұрыс алгоритм құрастыра алады.

Тапсырма 2.11: Сенсорлар: Күш датчигі (Баскетбол ойыны)

Тақырыбы: Күш датчигін басу арқылы баскетбол ойынын жасау.

Мақсаты: Оқушылардың Күш сенсорын түсінуі және оны интерактивті триггер (қоздырғыш) ретінде қолданып, ойынға негізделген бағдарлама құруы.

Құралдар: LEGO SPIKE Prime конструкторы (Күш сенсоры міндетті), SPIKE App, құрастыруға арналған кішкене "баскетбол алаңы"



Орындау реті:

1. **Құрастыру:** Күш сенсорын Хабқа қосыңыз (мысалы, Е портына). Сенсорды **батырма** ретінде пайдалануға болатындай етіп құрастырыңыз.
2. **Алгоритмді жоспарлау:** Бағдарламаның мақсаты – Күш сенсорын басқанда, Хабтың дисплейінде белгілі бір **реакция** болуы (мысалы, көздің жыпылықтауы, «СӘТТІ!» деген жазу) және Хабтың **дыбыс** шығаруы (мысалы, ысқырық немесе «Ура!»).
3. **Бағдарлама құру:**
 - **Бастау блогы.**
 - **Күту блогы:** Wait until... (Күш сенсоры басылғанша).

- **Хабтың реакциясы:** Күш сенсоры басылғаннан кейін орындалатын әрекеттерді бағдарламалаңыз (мысалы, Set Light Matrix және Sound блогы).
4. **Тексеру:** Бағдарламаны іске қосыңыз. Күш сенсорын басқанда, Хабтың бағдарламаланған дыбысты шығарып, жарық диодтарымен реакция көрсеткенін тексеріңіз.

Бағдарламаның құрылымы/схемасы (Қолданылған 3 негізгі блок):

1. (Шарт: Күш сенсорын басу)
2. (Әрекет: Жарық матрицасы)
3. (Әрекет: Дыбыс)

Дискриптор:

- Күш датчигін Хабқа дұрыс қосады және оны **триггер** ретінде қолдануға арналған құрылымды жасайды.
- Wait Until немесе If/Then блогында **Күш сенсорының басылу** шартын дұрыс орнатады.
- Бағдарлама іске қосылғанда, Күш сенсорын басқанда, бағдарламаланған **дыбыс және жарық эффектісі** сәтті орындалады.

Тапсырма 2.12 : Тармақталу алгоритмдері (If/Else)

Тақырыбы: Түс датчигін қолданып, "Егер-Олай болмаса" логикасы бар бағдарлама құру.

Мақсаты: Оқушылардың Түс сенсорынан алынған деректер негізінде **екі түрлі** әрекетті орындауға арналған шешім қабылдайтын бағдарлама (тармақталу логикасы) құру дағдысын дамыту.

Құралдар: Құрастырылған негізгі робот моделі (Түс сенсорымен), SPIKE App, әртүрлі түсті алаңдар (мысалы, **жасыл, көк және ақ**).

Орындау реті:

1. **Дайындық:** Түс сенсорын Хабқа қосыңыз. Роботты ақ түсті бетке қойыңыз.
2. **Алгоритмді жоспарлау:** Роботтың әрекеті келесі логикаға негізделуі керек:
 - **Егер** робот **Жасыл** түсті көрсе: **Токтау** және Хабта **жасыл** түсті көрсету.

- Олай болмаса (Басқа түс, мысалы Көк немесе Ақ): Робот Алға қарай жылжуды жалғастыруы керек.
3. Бағдарлама құру: SPIKE App-та «Егер/онда/әйтпесе» (If/Then/Else) блогын қолданып, жоспарланған алгоритмді құрыңыз.
- Шарт: Түс сенсоры Жасыл түсті көреді.
 - Онда (Then): Қозғалысты тоқтату + Жасыл жарық.
 - Әйтпесе (Else): Алға қарай жүру.
4. Тексеру: Роботты ақ алаңнан жасыл алаңға қарай жүргізіңіз. Содан кейін оны басқа түске (мысалы, көкке) қойып, оның жүруді жалғастырғанын тексеріңіз.

Құрылған бағдарламаның логикалық құрылымы:

Блок	Мазмұны
Қайталау	Мәңгілік қайталау
Егер	Түс сенсоры Жасыл түсті көрсе
Онда	1. Қозғалысты тоқтату
	2. Хаб жарығын Жасыл ету
Әйтпесе	Роботты алға жылжыту

Дискриптор:

- «Егер/онда/әйтпесе» (If/Then/Else) блогын дұрыс және орынды қолданады.
- Түс сенсорын қолданып, Жасыл түс шартын дұрыс орнатады.
- Шарт орындалғанда (Жасыл) және орындалмағанда (Басқа түс) екі түрлі (тоқтау/жүру) және қарама-қайшы әрекеттерді бағдарламалайды.
- Робот Жасыл түске жеткенде тоқтайды және Жасыл жарық жанады; басқа түсте жүруді жалғастырады.

Тапсырма 2.13: Циклдік алгоритмдер

Тақырыбы: Роботтың белгілі бір аумақты айналып өтуін цикл арқылы бағдарламалау.

Мақсаты: Оқушылардың қайталанатын әрекеттерді қысқарту үшін «Қайталау» (Loop) блогын тиімді қолдану дағдысын қалыптастыру және оны қозғалыс бағдарламаларына енгізу.

Құралдар: Құрастырылған негізгі робот моделі, SPIKE App, төртбұрышты аумақ (мысалы, скотчпен белгіленген алаң немесе үстелдің шеті).

Орындау реті:

1. **Алгоритмді жоспарлау:** Роботтың төртбұрышты (шаршы) аумақты айналып өтуі үшін қандай әрекеттер қажет екенін анықтаңыз:
 - **1. Алға жүру** (белгілі бір қашықтыққа, мысалы 30 см).
 - **2. Оңға бұрылу** (90°).
 - Бұл екі әрекетті шаршының 4 қабырғасы мен 4 бұрышына сәйкес **4 рет** қайталау қажет.
2. **Бағдарлама құру:** SPIKE App-та «Қайталау» (Loop) блогын қолданып, жоспарланған алгоритмді құрыңыз.
 - **Құрылым:** Бастау блогы → **4 рет қайталау** блогы → (Алға жүру + 90° бұрылу) блоктары.
3. **Тексеру:** Роботты бастапқы нүктеге қойыңыз. Бағдарламаны іске қосыңыз. Роботтың төртбұрышты аумақты айналып өтіп, **бастапқы нүктеге** оралғанын тексеріңіз.

Бағдарламаның логикалық құрылымы:

1. Бастау блогы
2. 4 рет Қайталау блогы
3. Алға жүру (30 см)
4. Оңға бұрылу (90°)

Дискриптор:

- Қайталанатын әрекеттерді орындау үшін «Қайталау» (Loop) блогын дұрыс және тиімді қолданады.
- Циклдің ішіндегі **алға жүру** және **90° бозрылу** әрекеттерін дәл (немесе шамамен дәл) бағдарламалайды.
- Бағдарлама іске қосылғанда, робот төртбұрышты траекторияны сәтті айналып өтіп, **бастапқы нүктеге** оралады.

Тапсырма 2.14: «Сызық бойымен жүру»

Мақсаты: Түс сенсорын пайдаланып, роботты қара сызық бойымен жүргізетін алгоритмді жасау.

Тапсырма: Роботты қара сызық бойымен 30 секунд бойы жүргізіңіз.

Дискриптор:

- "Егер сызықты көрсе, онда... әйтпесе..." алгоритмін түсінеді.
- Бағдарламада шексіз циклды (forever) қолданады.

- Робот сызықтан 30 секунд ішінде 2 реттен артық шықпайды.

Тапсырма 2.15: «Адаптивті қозғалыс»

Мақсаты: Бірнеше сенсорларды (қашықтық және түс) біріктіре отырып, күрделірек мінез-құлықты бағдарламалау.

Тапсырма: Робот сызық бойымен жүреді, бірақ алдына кедергі шықса, оны анықтап, 5 секунд күтіп, жолын жалғастырады.

Дискриптор:

- Екі сенсорды да бағдарламада бір уақытта қолданады.
- Кедергіні анықтағанда робот дұрыс тоқтайды және күтеді.
- Робот кедергіден кейін жолын жалғастыра алады.

Тапсырма 2.16: Модуль бойынша қорытындылау

Мақсаты: EGO SPIKE Prime конструкторының **сенсорларын** (Түс, Қашықтық, Күш) және **моторларын** қолдану принциптерін, сондай-ақ **тармақталу** (If/Else) және **циклдік** (Loop) алгоритмдерінің теориялық негіздерін **толық меңгергендігін тексеру және бағалау.**

Тапсырма: Әр сұрақты мұқият оқып, тек бір дұрыс жауапты таңдаңыз.

1. Роботты 50 см алға жүргізу үшін мотордың қозғалысын қай өлшем бірлігімен дәл бағдарламалаған тиімді?

- А) Секундтармен
- Б) Пайызбен
- В) Градуспен немесе Айналыммен
- Г) Вольтпен

2. LEGO SPIKE Prime Түс сенсоры қандай негізгі ақпаратты оқи алады?

- А) Роботтан кедергіге дейінгі қашықтықты
- Б) Түсті, жарықтық интенсивтігін және рефлексияны
- В) Бұрылу жылдамдығын
- Г) Роботтың жерге түсіріп жатқан күшін

